

# Паспорт образовательной программы

## Дата регистрации в Реестре

2022.08.19 14:53

## Регистрационный номер

21280

## Дата обновления паспорта ОП:

2022.08.19 14:53

## Код и наименование специальности:

07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру

## Код и наименование квалификации/квалификаций:

3W07161602 Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері

3 W07161603 Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі

## Регион:

Алматы облысы

## Организация ТиППО (Разработчик):

Алматы облысы Білім басқармасы Мемлекеттік мекемесі "Бастөбе сервистік-техникалық колледжі" МКҚК

## Партнеры-разработчики:

" Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" РММ

## Цель ОП:

Ауыл шаруашылығы машиналарын, тракторлары мен агрегаттарын басқару, оларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және ауыл шаруашылығы жұмыстарының технологиялық процестерінде пайдалану бойынша кәсіби қызметке дайын мамандар даярлау

## Уровень по НРК:

3

## Уровень по ОРК:

3

## Профессиональный стандарт (при наличии):

" Көлік құралдарына диагностика, техникалық қызмет көрсету және жөндеу" кәсіптік стандарты, Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының 06.09.2018 ж. №239 бұйрығының № 49 қосымшасы; "Бағбандық қызмет" кәсіптік стандарты, Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының 11.12.2015 ж. №339 бұйрығының №15 қосымшасы

## Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

жоқ

## Форма обучения:

күндізгі

**База образования:**

негізгі орта білім

**Язык обучения:**

мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

180

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

25.03.2022 жыл

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№KZ94LAA00004232

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№007

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

04.07.2020 ж

**Отличительные особенности ОП:**

-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин:**

Наименование		Результаты	Объем
№ модуля/дисциплины	обучения/Краткое описание дисциплины	дисциплины	кредитов/часов
ЖБП 1. Математика	Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функция шегі және үзділіссіздігі», «Туынды және оны қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық		8

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».	
ЖБП 2. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу», «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді зерттейді.	2
ЖБП 3. Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат	3

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеңістік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам»	
ЖБП 4. Қазақ тілі	<p>Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм»</p>	3
ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға	4

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».</p>	
ЖБП 6. Шетел тілі	<p>Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», Investigate and report on</p>	4

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».	
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	<p>Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.</p> <p>Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «. Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «. Білім мен ғылымның дамуы».</p>	4
ЖБП 8. Өзін -өзі тану	<p>Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».</p>	2

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	<p>Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».</p>	5
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	<p>Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық</p>	4

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».	
ЖБП 11. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау және бекіту қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика», «Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».	6
ЖБП 12. Химия	Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық.Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір».	6
ЖБП 13. География	Географиялық кеңістіктің барлық	3



Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».	
ЖБП 14. Дүниежүзі тарихы	Түрлі тарихи кезеңдерде әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғыну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».	3
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	2
	ОН 1. 2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	4
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
қолдану		
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб –порталдардың қызметтерін пайдалану.	1
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	1
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	1
	ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі мідеттерін түсіну.	1
	ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	1
	ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	1
КМ 1. Жұмыс алаңын машиналар мен механизмдерді пайдалануға және жөндеуге дайындау	ОН 1.1. Пайдалану, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес жұмыс алаңдарын тексеру.	4
	ОН 1.2. Негізгі және қосалқы жабдықты баптау.	4
	ОН 1.3. Машиналар мен механизмдерді дұрыс пайдалану және жөндеуді бақылау.	4
	ОН 1.4. Машиналар мен механизмдерді жөндеу реттілігінің ережелерін, нормативтерін сақтау	4
КМ 2. Техникалық және конструкторлық құжаттаманы оқи отырып, сұлбалар мен сызбаларды орындау	ОН 2.1. Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесін пайдалану.	3

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		ОН 2.2. Сызба жұмыстарын орындау.	3
		ОН 2.3. Қолданбалы бағдарламалар пакетін қолдана отырып, мамандық бойынша сұлбалар әзірлеу.	1
	КМ 3. Тракторларды, ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын пайдалану, консервациялау және маусымдық сақтау жөніндегі жұмыстарды орындау	ОН 3.1. Ауыл шаруашылығы жұмыстарын ұйымдастыру.	4
		ОН 3.2. Ауыл шаруашылығы машиналары мен көлік құралдарын пайдалану және консервациялау бойынша бақылау жүргізу.	2
		ОН 3.3. Ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуді орындау.	4
		ОН 3.4. Ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының жүйелері мен механизмдерінің негізгі ақауларын анықтау.	4
	КМ 4. Ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу кезінде деффектілеу және жөндеу жұмыстарын орындау	ОН 4.1. Ауыл шаруашылығы машиналарының техникалық жағдайын тексеру.	2
		ОН 4.2. Ақаулықтарды анықтау және деффектілеу жұмыстарын жүргізу.	3
		ОН 4.3. Ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын жөндеуді орындау және жүргізу.	3
		ОН 4.4. Ауыл шаруашылығы	2

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		машиналары мен жабдықтарының параметрлерін реттеуді жүзеге асыру.	
	КМ 5. Тракторлардың, автомобильдердің және ауыл шаруашылығы машиналарының негізгі бөліктерін анықтау	ОН 5.1. Тракторлар мен автомобильдердің негізгі бөліктерін анықтау.	4
		ОН 5.2. Ауыл шаруашылығы машиналарының жіктеу.	3
		ОН 5.3. Тракторлар мен автомобильдердің жүйелерімен және механизмдерімен жұмыс істеу.	3
		ОН 5.4. Жол қозғалысы ережелерін сақтау.	3
	КМ 6. Тракторлардың, автомобильдердің және ауыл шаруашылығы машиналарының механизмдер жүйелерінің ақаулары мен жөндеу жұмыстарын орындау	ОН 6.1. Тракторлар мен автомобильдердің, ауыл шаруашылығы машиналарының механизм жүйелерінің ақауларын анықтау.	3
		ОН 6.2. Тракторлардың іштен жану қозғалтқышын жөндеуді орындау.	3
		ОН 6.3. Тракторлар мен автомобильдердің жүріс бөлігіне жөндеу жүргізу.	3
		ОН 6.4. Тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарының трансмиссиясына жөндеу жүргізу.	3
	КМ 7. Ауылшаруашылық жұмыстарды орындау	ОН 7.1. Топырақты механикалық және химиялық өңдеуді орындау.	3
		ОН 7.2. Ауыл шаруашылығы дақылдарын егу мен отырғызуды жүргізу.	3
		ОН 7.3. Агротехника талаптары мен ережелерін сақтай отырып, дәнді, дәнді-бұршақты және майлы дақылдарды жинауды жүзеге асыру.	3

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		ОН 7.4. Агротехниканың талаптары мен ережелерін сақтай отырып, техниканы және жерді дайындау.	3
	КМ 8. Мал шаруашылығы кешендері мен фермалардағы механикаландырылған жұмыстарды орындау	ОН 8.1. Жем дайындау.	2
		ОН 8.2. Мал шаруашылығы қора-жайларында азықтарды түсіру және тарату жөніндегі механикаландырылған жұмыстарды орындау.	3
		ОН 8.3. Мал шаруашылығы кешендері мен фермаларын сумен жабдықтауды ұйымдастыру.	3
		ОН 8.4. Мал шаруашылығы қора-жайларында қи мен жемшөп қалдықтарын жинауды жүзеге асыру.	3
	КМ 9. Тракторларды, комбайндарды және ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану және сақтау кезінде техникалық қызмет көрсету	ОН 9.1. Тракторларға, комбайндарға және ауыл шаруашылығы машиналарына техникалық қызмет көрсетудің барлық түрлерін орындау.	3
		ОН 9.2. Тракторларды, комбайндарды және ауыл шаруашылығы машиналарын сақтауға қоюды жүзеге асыру.	3
	Аралық, қорытынды аттестаттау	-	9